

## **Тараз қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы**

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 55-6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 4544 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Тараз қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тараз қалалық мәслихатының бюджет және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қалалық  
Мәслихаты сессиясының төрағасы  
Тараз қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*М. Смаилов*

*Б. Кулекеев*

Тараз қалалық мәслихатының  
2020 жылғы 27 наурыздағы  
№ 55-6 шешіміне қосымша

## **Тараз қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдердің тізбесі**

1. "Тараз қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 11-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 12 желтоқсанда № 3252 болып тіркелген, электрондық түрде 2016 жылдың 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2. "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 мамырдағы № 31-5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік

тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 6 маусымда № 3852 болып тіркелген, электрондық түрде 2018 жылдың 18 маусымында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3. "Тараз қаласы бойынша бірінғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 10 тамыздағы № 34-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 22 тамызда № 3930 болып тіркелген, электрондық түрде 2018 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).